

Ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрінің м.а. 2011 жылғы 20 желтоқсандағы № 409 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 17 қаңтарда № 7379 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 937 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 29.12.2012 № 937 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы А. Мусиннің 2011 жылғы 29 қарашадағы № 01-38.121 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік органдардың 2010 жылғы қызметінің тиімділігін бағалаудың нәтижелері бойынша берілген тапсырмаларының орындалуын бақылау жөніндегі іс-шаралар жоспарының 47-тармағын орындау барысында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау әдістемесін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпараттық технологиялар саласындағы мемлекеттік саясат департаменті (К.Б. Елеусізов) :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуін ;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуінен кейін, оның ресми жариялануын және Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат вице-министрі С.С. Сарсеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жариялануға жатады.

Министрдің м.а. Қ. Әбсаттаров
Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат

м и н и с т р і н ің

2011

жылғы

20

ж е л т о қ с а н д ағ ы

№

409

б ұ й р ығ м ен

бекітілген

Ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау әдістемесі

1. Жалпы ереже

1. Осы Ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) «Облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың орталық және жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайын бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығын іске асыру іске асыру мақсатында өз ірленген.

2. Әдістеме мемлекеттік орган қызметінің айқындығын арттыру және үрдістерін онтайландыру үшін облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың орталық және жергілікті атқарушы органдарымен (бұдан әрі – мемлекеттік органдар) ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау жөніндегі рәсімдердің жиынтығын анықтау үшін арналған.

3. Осы Әдістемеде келесі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолданумен ақпаратты сақтау, өндеу, іздеу, тарату, тапсыру және беру үшін арналған жүйе;

2) ақпараттық технологиялар – ақпаратты жинауды, құруды, сақтауды, толтыруды, өндеуді, іздеуді, шығаруды, көшіруді, тапсыруды және таратуды қамтамасыз ететін технологиялық кешендерді біріктіретін әдістердің, өндірістік үрдістердің және бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы;

3) электрондық түрде ғана ведомствоаралық электрондық құжат айналымы – бұл қағаз тасығышта қайталаусыз, мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың - мемлекеттік басқарудың әртүрлі салаларындағы ЭКЖ қатысушыларының арасындағы 5 жылға дейін сақтау мерзімімен электрондық құжат форматында электрондық құжат айналымы жүйесінің (ЭКЖ) қатысушысында – мемлекеттік орган қызметінде пайда болатын мемлекеттік органмен бекітілген құжаттар мен істердің номенклатурасы тізбесінің құрамына кіретін электрондық құжаттар алмасуы;

4) интернет-ресурс – ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде жұмыс істейтін электрондық ақпараттық ресурс, оны жүргізу және (немесе) пайдалану технологиясы, сондай-ақ ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін

5) тек қана электрондық түрдегі ішкі құжат айналымы – ол қағаз тасығыштарда қайталаусыз бір мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі - мемлекеттік басқарудың тиісті саласындағы электрондық құжат айналымы жүйесінің қатысушысы арасындағы 5 жылға дейін сақтау мерзімімен электрондық құжат нысанында мемлекеттік орган – электрондық құжат айналымы жүйесінің қатысушысының қызметінде туындайтын мемлекеттік органмен бекітілген құжаттар мен істер номенклатурасының тізбесінің құрамына енетін электрондық құжаттармен алмасу;

6) мемлекеттік органдардың Инtranet-порталы – мемлекеттік ақпараттық жүйе болып табылатын және ұжымдық жұмыс құралдарымен, қажетті ақпараттық ресурстармен, ұйымдық міндеттердің және ақпарат алмасу шешімімен мемлекеттік қызметшілерді қамтамасыз ету үшін арналған ведомствоаралық корпоративтік ақпараттық жүйе;

7) электрондық құжат айналымының жүйесі (бұдан әрі - ЭКЖ) – электрондық құжаттармен алмасу жүйесі, қатысушылар арасындағы қарым-қатынас «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңымен және «Электрондық құжат айналымының ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 сәуірдегі № 430 қаулысымен реттеледі.

4. Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігімен (бұдан әрі - Министрлік) Облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың орталық және жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайын бағалау жүйесінің шенберіндегі бағыттар бойынша тиімділікті жалпы бағалау нәтижелері туралы сараптамалық қорытындыны қалыптастыру жөніндегі Сараптамалық комиссиясы жұмыс органының кіші тобы болып табылатын лауазымды тұлғалардың санынан Жұмыс тобы (бұдан әрі – Жұмыс тобы) құрылады.

Министрліктің ақпараттық технологияларды бағалауы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесімен жүзеге асырылады.

5. Бағалау Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен бекітілген орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалауды жүргізуін қестесіне (бұдан әрі – Кесте) сәйкес жүзеге асырылады.

6. Мемлекеттік органдар ақпараттық технологияларды қолдану туралы қызметі туралы есепті осы Әдістеменің 1 қосымшасындағы нысан бойынша (бұдан әрі – 1 қосымша) және электрондық құжат айналымы жүйесі жөніндегі есепті 2 қосымшадағы нысан бойынша (бұдан әрі – 2 қосымша) бойынша Министрлікке, және Министрлік Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің

Кеңсесіне

ұсынады.

7. Жұмыс тобы Министрлікпен жүргізілген тексерулердің нәтижелерін пайдалану және электрондық құжат айналымының ақпараттық жүйелерінен алғынған деректермен салыстыру арқылы, олардың нақтылық мәніне, мемлекеттік органдардан алғынған мәліметтердің талдауын жүргізеді.

8. Министрлікпен және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесімен даярланған мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдануды бағалау нәтижелері туралы қорытынды Әдістеменің З қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігіне

ұсынады.

9. Мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдануды бағалау келесі критериялар бойынша жүзеге асырылады:

1) Мемлекеттік органда ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі жоспарланған іс-шаралар сапасы;

2) Ақпараттық технологияларды енгізу жөніндегі мемлекеттік орган қызметін институциялық нығайту дәрежесі;

3) Интернет-ресурстың тиімділігі;

4) Ведомствоаралық ақпараттық жүйелерді пайдалану;

5) Мемлекеттік органның функцияларын автоматтандыру;

6) Ақпараттық жүйелерді енгізуін сапасы;

7) Ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің нәтижелілігі.

10. Әрбір критерий бойынша көрсеткіштер анықталады, оған сәйкес тиісті балл қойылады. Баллдар осы Әдістеменің 4 қосымшасындағы Ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігін бағалаудың критериялары мен көрсеткіштеріне (бұдан әрі – 4 қосымша) сәйкес қойылады.

Баллдар ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі критериялардың маңыздылығы дәрежесін ескерумен қойылған. Атап айтқанда:

1) «Мемлекеттік органда ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі іс-шаралар» критериясы бойынша жоспарланған іс-шаралар сапасы» мемлекеттік орган өзінің ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі іс-шараларын анықтау мен бекітуі, сондай-ақ оларды іске асырылуын қамтамасыз етуі тиіс екендігін ескерумен, 10-ға тең балл қойылды;

2) «Ақпараттық технологияларды енгізу жөніндегі мемлекеттік орган қызметін институциялық нығайту дәрежесі» критериясы бойынша мемлекеттік органның инновациялық қызметін дамытуға жәрдемдесетін факторларды айқындауға бағытталған осы критерияны ескерумен 5-ке тең балл қойылды;

3) «Интернет-ресурсы тиімділігі» критериясы бойынша қоғамның алдында мемлекеттік органдардың айқындылығын және бағыныстырылығын қамтамасыз етуге бағытталған осы критериядан шыға отырып 20-ға тең балл қойылды;

4) «Ведомствоаралық ақпараттық жүйелерді пайдалану» критериясы бойынша қағаз құжат айналымы үлестерін азайту, құжатты жасаудың, өндөудің және жөнелтудің уақытын азайту, құжаттармен жұмыс жасаған кезде жеделдікті арттыру, мемлекеттік орган қызметін оңтайландыруға бағытталған осы критерияны ескерумен 25-ке тең балл қойылды;

5) «Мемлекеттік орган функцияларын автоматтандыру» критериясы бойынша мемлекеттік органмен халық пен бизнестің тікелей байланысын және әкімшілік кедергілерді қысқарту, халық пен бизнеске қызметтер көрсеткен кезде мемлекеттік орган функцияларын автоматтандыруға бағытталуы тиіс бірінші кезекте ақпараттық технологияларды қолдануды ескерумен 40-қа тең баллдардың ең көп саны қойылды;

6) «Ақпараттық жүйелерді енгізу дің сапасы» критериясы бойынша ақпараттық технологиялар саласындағы қолданыстағы стандарттарға ақпараттық жүйелерді құру кезеңдерінің сәйкесіздігін сипаттайтын көрсеткіштер анықталды, ол өзімен бірге баллдардың азауына әкеледі. Әдістемедегі 4 қосымшасының кестесімен сәйкестікке баллдарды шегеру, 15 балл сомасын құрайды және 100 баллға тең баллдардың барынша көп санынан жүргізіледі;

7) «Ведомстволық ақпараттық жүйелердің нәтижелілігі» критериясы бойынша Әдістеменің 5 қосымшасындағы Бағалауға жататын ақпараттық жүйелер тізімінде (бұдан әрі – 5 қосымша) көрсетілген ақпараттық жүйелерді пайдаланудың тиімсіздігін ашқан кезде баллдардың азауы жүргізіледі. 10 балл мөлшерінде баллдарды шегеру 100 баллға тең баллдардың барынша көп санынан жүргізіледі.

Мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдануды бағалау келесі формула бойынша Әдістемедегі 4 қосымшаның кестесінде көрсетілген белгілі бір салмақты баллдармен сәйкес критериялар мағынасы сомасы ретінде анықталады:

$$N = P_1 + P_2 + P_3 + P_4 + P_5 + P_6 + P_7$$

Бұнда N – мемлекеттік орган ақпараттық технологияларды қолдануды бағалаудың жалпы баллы, P – критерияның мағынасы.

11. Критериялар мағынасының есебі келесі формула бойынша Әдістемедегі 4 қосымшаның кестесінде көрсетілген баллдардың көрсеткішімен сәйкес осы критерияның барлық көрсеткіштер сомасынан шыға отырып жүзеге асырылады:

$$P = (C_i * V_i) + (C_{i+1} * V_{i+1}) + (C_{i+2} * V_{i+2}) + \dots$$

P бар жерде – критерияның мағынасы, C – көрсеткіштің мағынасы, V – көрсеткіштің баллы, i – осы критерия үшін 1-ден бастап көрсеткіштердің санына дейін интервалы.

2. «Мемлекеттік органда ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі жоспарланған іс-шаралар сапасы» критериясы бойынша бағалау

12. Мемлекеттік органда ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі жоспарланған іс-шаралардың сапасын бағалау деп мемлекеттік органда ақпараттық технологияларды тиімді қолдануға бағытталған министрмен, жауапты хатшымен, вице-министрмен, комитет басшысымен, әкіммен, аппарат басшысымен және аппарат басшысының орынбасарымен бекітілген стратегиялық жоспарларда және операциялық жоспарларда, даму бағдарламалында және басқадай жоспарларда бар болуымен түсіндіріледі, атап айтқаңда:

- мемлекеттік органдардың Инtranet-порталын тиімді пайдалануға (пайдаланушылардың санын арттыру, жарияланған ақпаратты өзектілеу);
- электрондық құжат айналымы бірыңғай жүйесін тиімді пайдалануға (қағаз тасығышта хат-хабардың қайталануын болдырмау, жұмыс орындарының санын арттыру);
- интернет-ресурстар қолжетімділік және ашықтық деңгейін арттыруға (пайдаланушылардың санын арттыру, ақпаратты өзектілеу);
- ведомстволық ақпараттық жүйелерді депозиттеуге және тіркеуге, сондай-ақ ақпараттық жүйелердің, бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтар мен нормативтік-техникалық құжаттамасының депозитариясында ведомстволық ақпараттық жүйелер жөніндегі ақпаратты өзектілеуге (бағдарламалық өнімдерді, бағдарламалық кодтар мен нормативтік-техникалық құжаттамаларды өзектілеу);
- ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сәйкестігіне ведомстволық ақпараттық жүйелердің аттестациясын жүргізуге бағытталған.

13. Көрсеткішті бағалау үшін ақпарат көзі Әдістеменің 1 қосымшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне Министрлікпен және Министрлікке берілетін есептілік нысанының 1 жолындағы 3 бағанында көрсетілген ақпарат болып табылады.

14. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі және Министрлік осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік орган қызметін бағалау барысында есептілікте көрсетілген мемлекеттік органға тікелей шығу жолымен мемлекеттік орган ақпаратын тексереді.

15. Ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі іс-шаралардың сапасы үшін барынша көп балл 10 баллды құрайды және Әдістемедегі 6 қосымшага сәйкес «Мемлекеттік органда ақпараттық технологияларды қолдану жөніндегі жоспарланған іс-шаралар сапасы» критериясы бойынша бағалауда (бұдан әрі – 6 қосымша) көрсетілген бағыттардың салмақты мағынасын сомалау жолымен

анықталады. Ведомстволық ақпараттық жүйелерді депозиттеу және тіркеу, ақпараттық жүйелердің, бағдарламалық өнімдердің, бағдарламалық кодтар мен нормативтік-техникалық құжаттамасының депозитариясында ведомстволық ақпараттық жүйелер жөніндегі ақпаратты өзектілеу немесе ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке ведомстволық ақпараттық жүйелердің аттестациясын жүргізу қажеттілігі болмаған кезде осы бағыт бойынша барынша көп мағына беріледі.

3. «Ақпараттық технологияларды енгізу жөніндегі мемлекеттік орган қызметінің институциялды нығайту дәрежесі» критерия бойынша

16. Осы критериямен ақпараттық технологиялар бойынша мамандандырылған құрылымдық бөлімшениң, ақпараттық технологиялар бойынша құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің жиынтықтылығы мен біліктілік деңгейі мемлекеттік органдың бар болуымен бағаланады.

17. Көрсеткішті бағалау үшін ақпарат көзі Әдістеменің 1 қосымшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне Министрлікпен және Министрлікке берілетін есептілік нысанының 2 жолындағы 3 бағанында көрсетілген ақпарат болып табылады.

18. «Ақпараттық технологияларды енгізу жөніндегі мемлекеттік орган қызметінің институциялды нығайту дәрежесі» критерисі үшін барынша балл 5 баллды құрайды және төменде тізбектелген көрсеткіштердің мағынасын көбейту нәтижесін кейіннен 5-ке көбейту жолымен анықталады.

1) ақпараттық технологиялар бойынша мамандандырылған құрылымдық бөлімшениң б а р б о л у ы ;

2) Ақпараттық технологиялар бойынша құрылымдық бөлімше қызметкерлерінің жиынтықтылығы ;

3) ақпараттық технологиялар бойынша біліктілік деңгейі.

19. «Ақпараттық технологиялар бойынша мамандандырылған құрылымдық бөлімшениң бар болуы» көрсеткіші бойынша мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерін дамыту, құру және сүйемелдеу үшін жауапты құрылымдық бөлімше орталық мемлекеттік органдың бар болған кезде оған 1 балл, жоқ болған кезде – 0 б а л л б е р і л е д і .

«Ақпараттық технологиялар бойынша мамандандырылған құрылымдық бөлімшениң бар болуы» көрсеткіші бойынша бағалау жергілікті атқарушы органдар үшін келесі формула бойынша есептеледі.

$$X = (X_{\text{аппарат}} + X_{\text{упр}})$$

$X_{\text{аппарат}}$ – әкім аппаратында мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерін дамыту, құру және сүйемелдеу үшін жауапты құрылымдық бөлімшесінің бар

булды (бар болған кезде, оған 0,5 балл, жоқ болған кезде 0 балл беріледі);

$X_{\text{упр}}$ – Әкімдіктің басқармасында мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерін дамыту, құру және сүйемелдеу үшін жауапты құрылымдық бөлімшесінің немесе қызметкерлердің бар болуды. Әкімдіктің барлық басқармаларының құрылымдық бөлімшелері немесе қызметкерлері болған кезде 0,5 балл (жекелеген басқармалар болмаған кезде, осы мән әрбір басқарманың тиісті сандық мәнінің мәнімен есептеледі), болмаған кезде 0 балл беріледі.

Әкімдіктің әрбір басқармасының салмақтық мағынасы келесі формула бойынша есептеледі:

$$N=0,5/N_{\text{упр}}$$

$N_{\text{упр}}$ – Әкімдік басқармаларының саны.

«Ақпараттық технологиялар бойынша құрылымдық бөлімшениң жиынтықтылығы» көрсеткіші бойынша бағалау келесі формула бойынша есептеледі:

$$Y = 1-(a+b)/c$$

a – бос қызмет орындарының бар болуды есебінен, оның ішінде ұзақ оқуга немесе декретті демалысқа қызметкердің кету себебі бойынша пайда болған адам күні саны (бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру шыққаннан кейін 45 жұмыс күні ішінде конкурстық негізде бос емес орындардан, сондай-ақ Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне (бұдан әрі – ҚР МҚДА) сұранысты жөнелткеннен кейін 11 жұмыс күні ішінде ауыстыру тәртібінде бос емес орындардан басқа);

b – қызметкерлердің науқастығы және басқадай себептері бойынша бос болған лауазым бойына адам күні саны (ақысыз демалыс, жұмыстан босату). Осы санға жыл сайынғы еңбек демалысында, іссапарда болған жұмыскердің жағдайы кірмейді;

c – жалпы адам күні саны.

Жалпы адам күні саны (c) келесі формула бойынша анықталады:

$$c = d \times e$$

d – құрылымдық бөлімшениң орташа штаттық саны;

e – жылына жұмыс күнінің саны.

Орташа штаттық сан біріншіден бастап төртінші тоқсан бойынша қоса алғанда құрылымдық бөлімшениң штаттық саны сомасының орташа мағынасы ретінде анықталады (бұдан әрі мәтін бойынша - орташа штаттық сан).

«Ақпараттық технологиялар бойынша қызметкерлердің біліктілік деңгейі» көрсеткіші бойынша бағалау келесі формула бойынша есептеледі:

$$Z = a/b$$

а – арнаулы білімі немесе біліктілігін арттыру туралы күелігі бар мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерін дамыту, құру және сүйемелдеу үшін жауапты құрылымдық бөлімшедегі қызметкерлердің саны;

б – мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерін дамыту, құру және сүйемелдеу үшін жауапты құрылымдық бөлімшедегі қызметкерлердің жалпы саны.

4. «Интернет-ресурстың тиімділігі» көрсеткіші бойынша бағалау

20. Бағалау келесі көрсеткіштер бойынша жүргізіледі:

- 1) Интернет-ресурста gov.kz домендік атаудың бар болуы;
- 2) Интернет-ресурстың алға басуы;
- 3) Ақпараттың толықтығы мен сапасы.

Параграф 1. «Интернет-ресурста gov.kz домендік атауының бар болуы» көрсеткіші бойынша бағалау

21. Интернет-ресурста gov.kz домендік атауының бар болуы деп Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары үшін арналған gov.kz домендік атауы, Интернеттің ашық ақпараттық-коммуникациялық желісінде мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсы ретінде бір мағыналы ұстанымдалатын интернет-ресурста бар болуымен түсіндіріледі.

22. Есепті жылдың нәтижелері бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдануды бағалау барысында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі және Министрлік мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында gov.kz домендік атауының бар болуын тоқсан сайын, аптаның әртүрлі күндері мен тәуліктің уақытында тексереді.

23. Мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында gov.kz домендік атауы бар болған кезде оған баллдардың барынша көп саны 2 балл беріледі.

Gov.kz домендік атауында тіркелген мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында жоқ болғанда оған 0 балл беріледі.

Параграф 2. «Интернет-ресурстың алға басуы» көрсеткіші бойынша бағалау

24. Интернет-ресурстың алға басуы интернет-ресурстың дәйексөз алудың іздестіруді және арттыруды жүзеге асыру үшін мемлекеттік орган атауының сұранысы бойынша (google, yandex, rambler, yahoo) халықаралық іздестіру жүйелерінде мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсына сілтемелердің бар болуымен түсіндіріледі.

25. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі және Министрлік осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында (google, yandex, rambler, yahoo) халықаралық іздестіру жүйелерінде іздестіру жолымен мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсына сілтемелерді тексереді.

26. Интернет желісінде мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсының алға басуы жөніндегі деректерді талдау тоқсан сайын, аптаның әртүрлі күндері мен тәуліктің уақытында өткізіледі.

27. Егер талдау барысында мемлекеттің органның интернет-ресурсы сілтемесі іздестіру нәтижелерінің бірінші 10 ұстанымында болса онда оған 3 балл беріледі.

Егер талдау барысында мемлекеттің органның интернет-ресурсы сілтемесі іздестіру нәтижелерінің 11-20 ұстанымдарында болса онда оған 2 балл беріледі.

Егер талдау барысында мемлекеттің органның интернет-ресурсы сілтемесі іздестіру нәтижелерінің 21-40 ұстанымдарында болса онда оған 1 балл беріледі.

Егер талдау барысында мемлекеттің органның интернет-ресурсы сілтемесі іздестіру нәтижесінің 40 ұстанымында болса немесе іздестіру нәтижелерінде жоқ болса, онда оған 0 балл беріледі.

Параграф 3. «Ақпараттың толықтығы мен сапасы» көрсеткіші бойынша бағалау

28. Интернет-ресурста толық ақпарат деп «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 Заңымен және «Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналасқан мемлекеттік органдар туралы электрондық ақпараттық ресурстардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 3 қазандағы № 891 қаулысымен анықталған тізбесі ақпараттың бар болуымен түсіндіріледі. Ақпараттың сапасы деп ақпараттың жеткіліктілігі, дәйектілігі, уақыттылығы мен қолжетімділігі түсіндіріледі. Ақпараттың толықтығы мен сапасының көрсеткіші бойынша есеп Әдістеменің 7 қосымшасына сәйкес интернет-ресурстар үшін «Ақпараттың толықтығы мен сапасы» көрсеткіші (бұдан әрі – 7 қосымша) бойынша бағалауда көрсетілген индикаторлар бойынша жүргізіледі.

29. Осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі тоқсан сайын, аптаның әртүрлі күндері мен тәуліктің уақытында Әдістемедегі 7 қосымшага сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде интернет-ресурстың тілдік болжамасын талдау жолымен мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсын тексереді.

30. «Ақпараттың толықтығы мен сапасы» көрсеткіші бойынша бағалаудың

мағынасы Әдістемедегі 6 қосымшаға сәйкес мемлекеттік және орыс тілдерінде интернет-ресурстың тілдік болжамасы бойынша баллдарды сомалау және нәтижені көрсеткіштің 100 баллға тең ең үлкен мәніне бөліп, кейіннен 15-ке көбейту жолымен жүзеге асырылады.

Осы көрсеткіш бойынша бағалауды жүргізген кезде сонымен қатар Әдістемедегі 7 қосымшаның кестесіндегі ескертпеде көрсетілген интернет-ресурс сапасына ықпал ететін критериялар ескеріледі. Кемшіліктерді анықтаған жағдайда әрбір анықталған кемшілік үшін параметрдің салмақтық мағынасының 25 (жиырма бес) пайзызынан аспай, параметрдің салмақтық мағынасын 0,1 баллға шегеру жүргізіледі.

5. «Ведомствоаралық ақпараттық жүйелерді пайдалану» критериясы бойынша бағалау

31. «Ведомствоаралық ақпараттық жүйелерді пайдалану» критериясы бойынша бағалау келесі ішкі критериялар бойынша есептеледі:

- 1) Іс жүргізуде электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану;
- 2) Мемлекеттік органдардың Инtranet-порталын пайдалану;
- 3) Электрондық құжаттар мұрағатын қолдану;
- 4) «Е-лицензиялау» Мемлекеттік деректер қоры» Ақпараттық жүйесін және «Электрондық мемлекеттік сатып алу» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін толтыру.

5.1. «Іс жүргізуде электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану» ішкі критериясы бойынша бағалау

32. Бағалау келесі көрсеткіштер бойынша жүргізіледі:

- 1) Электрондық түрде ғана ведомствоаралық электрондық құжат айналымының үлесі;
- 2) Электрондық түрде ғана ішкі электрондық құжат айналымының үлесі;
- 3) Уақытылы тіркелген электрондық құжаттардың үлесі;
- 4) «Электрондық үкімет» порталынан түскен жеке және занды тұлғалардың тіркелген электрондық өтініштерінің үлесі;
- 5) Мемлекеттік органның ішінде ведомствоаралық құжаттарды келісу үлесі;
- 6) Электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі (бұдан әрі – ЭҚАБЖ) мұрағатына электрондық құжаттарды шығынға жазудың үлесі.

33. Осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органды - ЭҚЖ қатысушысыны ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі есепті күнтізбелік жыл үшін ЭҚАБЖ/ЭҚЖ ведомстволық жүйесінен статистикалық

есептерді қарау жолымен мемлекеттік орган - ЭҚЖ қатысушысы ақпаратының есептілгінде көрсетілгенде тексереді.

Параграф 1. «Электрондық түрде ғана ведомствоаралық электрондық құжат айналымының үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау

34. Осы көрсеткіш бойынша бағалау мемлекеттік органмен немесе лауазымды тұлғалармен – ЭҚЖ қатысушылармен жөнелтуге жататын және 5 жылға дейін сақтау мерзімімен электрондық құжат форматында мемлекеттік органның – ЭҚЖ қатысушының қызметінде пайда болатын мемлекеттік органмен бекітілген құжаттар мен істердің номенклатурасы тізбесінің құрамына кіретін құжаттардың жалпы санынан электрондық түрде ғана жөнелтілген құжаттардың үлесі жагады .

35. Көрсеткішті бағалау үшін ақпараттың көзі Әдістемедегі 1 қосымшаға сәйкес Министрлікпен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне және Министрлікке берілетін есептілік нысанының 3.1.1 жолындағы З бағанда көрсетілген ақпарат болып табылады.

36. Осы көрсеткіш бойынша бағалау нәтиже электрондық түрде ғана жөнелтілген құжаттардың санын мемлекеттік органның – ЭҚЖ қатысушының қызметінде пайда болатын мемлекеттік органмен бекітілген құжаттар мен істердің номенклатурасы тізбесінің құрамына кіретін ведомствоаралық құжаттардың санына бөліп, кейіннен алынған нәтижені 2-ге көбейту жолымен анықтады .

Мысалы мемлекеттік органдарға – ЭҚЖ қатысушыларына жөнелтуге жататын және 5 жылға дейін сақтау мерзімімен электрондық құжат форматында мемлекеттік органның – ЭҚЖ қатысушының қызметінде пайда болатын мемлекеттік органмен бекітілген құжаттар мен істердің номенклатурасы тізбесінің құрамына кіретін құжаттардың жалпы саны 500 құрайды, оның ішінде басқадай мемлекеттік органдарға – ЭҚЖ қатысушыларына ЭҚАБЖ Орталығы арқылы жолданған құжаттардың саны 200 құрайды. Есептесі келесі түрде жүргізіледі: $200/500*2=0,8$ балл. Осылай қағаз тасығышта қайталаусыз электрондық түрде ғана ведомствоаралық құжат айналымының үлесі 0,8 баллды құрады.

Параграф 2. «Электрондық түрде ғана ішкі электрондық құжат айналымының үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау

37. Осы көрсеткіш бойынша бағалауға мемлекеттік басқарудың сәйкесінше саласының бір мемлекеттік орган - ЭҚЖ қатысушысының құрылымдық бөлімшелерінің арасында корреспонденция алмасуды асыру үшін электрондық

құжат айналымның ведомстволық жүйесін (ЭҚАБЖ/ЭҚЖ) пайдалану тиімділігі, атап айтқанда ішкі құжаттардың, оның ішінде мемлекеттік басқарудың сәйкесінше саласында бір мемлекеттік орган- ЭҚЖ қатысушысы ішінде құрылымдық бөлімшелер арасында сақтау мерзімі 5 жылға дейінгі электрондық құжат форматында мемлекеттік органның – ЭҚЖ қатысушысының қызметінде қалыптасатын, мемлекеттік орган – ЭҚЖ қатысушысымен бекітілетін құжаттар тізімі мен іс номенклатурасының құрамына кіретін нормативтік актілер мен ұйымдық рұқсат ету құжаттардың («Қызметтік пайдалану үшін» белгісі бар шектелген таралымды, немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясын құрайтын құжаттарды қоспағанда) жалпы санында тек электрондық түрде жөнелтілген ЭҚАБЖ/ЭҚЖ деректер қорындағы құжаттардың үлесі жатады.

38. Көрсеткішті бағалау үшін ақпарат көзі Әдістеменің 1 қосымшасына сәйкес Министрлікке, және Министрлікпен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің Кеңесіне берілетін есептілік нысанының 3.1.2 жолындағы 3 бағанында көрсетілген ақпарат болып табылады.

39. Осы көрсеткіш бойынша алынған нәтиже электрондық түрде ғана жөнелтілген құжаттардың санын мемлекеттік органның – ЭҚЖ қатысушының қызметінде пайда болатын мемлекеттік органмен бекітілген құжаттар мен істердің номенклатурасы тізбесінің құрамына кіретін ведомствоаралық құжаттардың санына бөліп, кейіннен 2-ге көбейту жолымен анықталады.

Мысалы мемлекеттік органдарға – ЭҚЖ қатысушыларына жөнелтуге жататын және 5 жылға дейін сақтау мерзімімен электрондық құжат форматында мемлекеттік органның – ЭҚЖ қатысушының қызметінде пайда болатын мемлекеттік органмен бекітілген құжаттар мен істердің номенклатурасы тізбесінің құрамына кіретін құжаттардың («Қызметтік пайдалану үшін» белгісі бар шектелген таралымды, немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясын құрайтын құжаттарды қоспағанда) жалпы саны 500 құрайды, оның ішінде басқадай мемлекеттік органдарға – ЭҚЖ қатысушыларына ЭҚАБЖ Орталығы арқылы жолданған құжаттардың саны 200 құрайды. Есептесі келесі түрде жүргізіледі: $200/500*2=0,8$ балл. Осылай қағаз тасығышта қайталаусыз электрондық түрде ғана ведомствоаралық құжат айналымының үлесі 0,8 баллды құрады.

Параграф 3. «Уақтылы тіркелген электрондық құжаттардың үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау

40. Осы көрсеткіш бойынша бағалауға ЭҚАБЖ Орталығы арқылы мемлекеттік органға – ЭҚЖ қатысушысына түскен күні сыртқы/ішкі кіріс

корреспонденциясының тіркелуі, атап айтқанда ЭҚАБЖ/ЭҚЖ жүйесіне түсken электрондық ішкі/сыртқы кіріс құжаттардың жалпы санына уақытылы тіркелген электрондық құжаттардың үлесі жатады. Сыртқы/ішкі кіrіs корреспонденциясының мемлекеттік органда – ЭҚЖ қатысушысында бекітілген қабылдау уақытының аяқталғаннан кейін түсken кезде, құжаттың тіркелу күні – келесі жұмыс күні уақытылы деп санау.

41. Көрсеткішті бағалау үшін ақпарат көзі Әдістеменің 1 қосымшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесесіне Министрлікпен және Министрлікке берілетін есептілік нысанының 3.1.3 жолындағы 3 бағанында көрсетілген ақпарат болып табылады.

42. Осы көрсеткіш бойынша алынған нәтиже ЭҚАБЖ/ЭҚЖ жүйесіне түсken электрондық ішкі/сыртқы кіrіs құжаттардың санын ЭҚАБЖ/ЭҚЖ жүйесінде уақытылы тіркелген электрондық ішкі/сыртқы кіrіs құжаттардың санына бөліп, кейіннен 2-ге көбейту жолымен анықталады.

Мысалы, ЭҚАБЖ/ЭҚЖ жүйесіне түsken электрондық ішкі/сыртқы кіrіs құжаттардың жалпы саны 500 құрайды, олардың ішінде ЭҚАБЖ/ЭҚЖ жүйесінде уақытылы тіркелген электрондық ішкі/сыртқы кіrіs құжаттардың саны 200 құрайды. Есептесі келесі түрде жүргізіледі: $200/500*2=0,8$ балл. Осылай «уақытылы тіркелген электрондық құжаттардың үлесі» 0,8 баллды құрады.

Параграф 4. «Электрондық үкімет» порталынан түsken жеке және заңды тұлғалардың тіркелген электрондық өтініштерінің үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау

43. Осы көрсеткіш бойынша бағалауға мемлекеттік органға – ЭҚЖ қатысушысына түsken электрондық өтінімдердің жалпы санында «электрондық үкіметтің» порталынан түsken, жеке және заңды тұлғалардың тіркелген электрондық өтініштердің үлесі жатады.

44. Көрсеткішті бағалау үшін ақпарат көзі Әдістеменің 1 қосымшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесесіне Министрлікпен және Министрлікке берілетін есептілік нысанының 3.1.4 жолындағы 3 бағанында көрсетілген ақпарат болып табылады.

45. Осы көрсеткіш бойынша нәтиже «электрондық үкіметтің» порталынан түsken жеке және заңды тұлғалардың тіркелген электрондық өтініштердің санын мемлекеттік органға – ЭҚЖ қатысушысына түsken электрондық өтініштердің жалпы санына бөліп, кейіннен 1-ге көбейту жолымен анықталады.

Мысалы, мемлекеттік органға – ЭҚЖ қатысушысына түsken электрондық өтініштердің жалпы саны 500 құрайды, олардың ішінде тіркелген электрондық өтініштер саны 200 құрайды. Есептесі келесі түрде жүргізіледі: $200/500*1=0,4$

балл. Осылай «электрондық үкіметтің» порталынан түскен тіркелген электрондық өтініштердің үлесі 0,4 баллды құрады.

Параграф 5. «Мемлекеттік органның ішінде ведомствоаралық құжаттарды келісу үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау

46. Осы көрсеткіш бойынша бағалауға кейіннен мемлекеттік органдарға – ЭҚЖ қатысушыларына жолданатын ЭҚАБЖ/ЭҚЖ-де электрондқ құжаттардың жобаларын келісу (келісудің бір немесе бірнеше сатылары) және қол қою үрдістерін пайдаланудың толықтығы, атап айтқанда электрондық құжаттардың қол қойылған жобалардың жалпы санында электрондық түрде келісілген электрондық құжаттардың қол қойылған жобалардың үлесі жатады.

47. Көрсеткішті бағалау үшін ақпарат көзі Әдістеменің 1 қосымшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кенсесіне Министрлікпен және Министрлікке берілетін есептілік нысанының 3.1.5 жолындағы З бағанында көрсетілген ақпарат болып табылады.

48. Осы көрсеткіш бойынша бағалау мәні электрондық түрде келісілген, қол қойылған электрондық құжаттардың жобалары санын электрондық құжаттардың қол қойылған жобалардың жалпы санына бөліп, кейіннен алынған нәтижені 2-ге көбейту жолымен анықталады.

Мысалы, электрондық түрде келісілген, сыртқы корреспонденттерге жөнелтілген электрондық құжаттардың қол қойылған жобалар саны 200 құрайды, электрондық құжаттардың қол қойылған жобалар саны 500 құрайды. Есептесі келесі түрде жүргізіледі: $200/500*2=0,8$ балл. Осылай келісілген ведомствоаралық электрондық құжаттардың үлесі 0,8 баллды құрады.

Параграф 6. «Мұрағатқа тапсыруға даярланған электрондық құжаттардың үлесі» критериясы бойынша бағалау

49. Осы көрсеткіш бойынша бағалауға мұрағатқа тапсыру үшін (іс жүргізілуі жабылған) құжаттарды дайындау, атап айтқанда орындалған электрондық құжаттардың жалпы санында мұрағатқа жіберу үшін дайындалған электрондық құжаттардың үлесі жатады.

50. Көрсеткішті бағалау үшін ақпарат көзі Әдістеменің 1 қосымшасына сәйкес Министрлікке, және Министрлікпен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің Кенсесіне берілетін есептілік нысанының 3.1.6 жолындағы З бағанында көрсетілген ақпарат болып табылады.

51. Мемлекеттік органның – ЭҚЖ қатысушысының ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін осы көрсеткіш бойынша бағалау барысында Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің

Кеңсесі мұрағаттар мен құжаттамаларды басқарудың уәкілетті органымен бекітілген, нормативтік құқықтық актілермен анықталған, құжаттаманы жедел сақтау мерзімінің өтуі бойынша мұрағатқа жіберілуге даярланған құжаттар бойынша ЭҚАБЖ/ЭҚЖ ведомстволық жүйесінен статистикалық есептерді қару жолымен мемлекеттік орган - ЭҚЖ қатысуышы ақпаратының есептілігінде

т е к с е р е д і .

52. Осы көрсеткіш бойынша бағалау мәні электрондық құжаттар мұрағатына жіберу үшін дайындалған ЭҚАБЖ/ЭҚЖ-де электрондық құжаттардың санын орындалған электрондық құжаттардың жалпы санына бөліп, кейіннен алынған нәтижені 1-ге көбейту жолымен анықталады.

Мысалы, орындалған электрондық құжаттардың жалпы саны 500 құрайды, оның ішінде мұрағатқа дайындалған электрондық құжаттардың саны 200 құрайды. Есептесі келесі түрде жүргізіледі: $200/500*1=0,4$ балл. Осылай « мұрағатқа жаздырылған электрондық құжаттардың үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау 0,4 баллды құрады.

5.2. «Мемлекеттік органдардың Инtranet-порталын пайдалану» ішкі критериясы бойынша бағалау

53. МОИП келесі сервистерін пайдалану бойынша бағалау жүргізіледі:

- 1) Нормативтік құқықтық актілерді келісу;
- 2) Іс-шаралар жоспары;
- 3) Мемлекет қызметкерінің санын бақылау;
- 4) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік органдардың атына ескертү;
- 5) Мемлекеттік органдардың анықтамасын актуальдандыру.

Параграф 1. «Келісілген нормативтік құқықтық актілер» көрсеткіші бойынша бағалау

54. Осы көрсеткіш бойынша «Нормативтік құқықтық актілерді келісу» сервисінде келісуге жолданған және келісілген нормативтік-құқықтық актілердің (бұдан әрі – НҚА) жобалар саны бағаланады.

55. Бағалау орталық мемлекеттік органдарда - НҚА өндеушілерде жүргізіледі. НҚА өндеуші болып келмейтін жергілікті атқарушы органдарда, және орталық мемлекеттік органдарда бағалау НҚА жобаларын келісуге бағыттаумен ғана жүргізіледі.

56. Осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органдың ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі НҚА келісуге және

келісілген жобаларды жіберілген санын Мемлекеттік органдардың Инtranet-порталы (бұдан әрі - МОИПК қаастырумен мәліметтер алады.

57. НҚА өндеші болып келетін орталық мемлекеттік органдар үшін бағалау, осы көрсеткіш 2 құраушыдан тұрады: 1 балл басқа мемлекеттік органдарға келісімге бағытталуға жататын НҚА жобаларының 100% бағытталуы (келісім пайызы бағытталған НҚА санын бағытталуға дайын НҚА санына бөліп, алынған нәтижені кейіннен 1-ге көбейту жолымен анықталады) және басқа мемлекеттік органдардан келісімге түскен, НҚА жобаларының 100% келісіден өткізгені үшін 1 балл (келісім пайызы келісілген НҚА санын бағытталуға дайын НҚА санына бөліп, алынған нәтижені кейіннен 1-ге көбейту жолымен анықталады).

НҚА өндеші болып келмейтін орталық және жергілікті мемлекеттік органдар үшін осы көрсеткіш бойынша бағалау келесі түрде жүргізіледі:

1) басқа мемлекеттік органдардан келісімге түскен НҚА жобаларының бар болуы кезінде, келісімге түскен НҚА жобаларының 100% келісілген кезінде 2 балл құрайды. (келісу пайызы 2-ге алынған нәтижені кейіннен көбейтумен келісуге дайын НҚА санына, келісілген НҚА санын бөлу жолымен анықталады);

2) басқа мемлекеттік органдардан түскен НҚА жобалардың келісулер жоқ болғанда максимал бағасы, 2 балл, қойылады.

Параграф 2. «Іс-шаралар жоспары» көрсеткіші бойынша бағалау

58. Осы көрсеткіш бойынша іс-шаралар жоспарлары мен іс-шаралар жоспарының тармақтарының жарияланған санын, сонымен қатар МОИП «Іс-шаралар жоспары» модулінде орындалуы бойынша ақпараттардың болуы бағалауда .

59. Бағалау орталық және жергілікті атқарушы органдарда жүргізіледі.

60. Осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі іс-шаралар жоспары мен жоспарлар тармақтарының жарияланғаның іс-шаралар жоспарының тармақтарын орындау бойынша ақпаратты, МОИП қаастыру жолымен мәліметтерді алады.

61. Осы көрсеткіш бойынша орталық мемлекеттік органдар үшін бағалау жарияланған іс шаралар жоспарының бар болуымен 0,5 балл және жарияланған іс шаралардың тармақтарының орындалуы бойынша 0,5 балл көрсеткішінен тұрады. Жарияланған іс шаралар жоспарының бар болуын бағалау кезінде балл тек қана төмендегілердің кемінде біреуінің бар болуында ғана қойылады.

62. Жергілікті атқарушы органдар үшін бағалау жарияланған іс шаралар жоспарының бар болуымен 0,5 балл және жарияланған іс шаралардың тармақтарының орындалуы бойынша 0,5 балл көрсеткішінен тұрады.

Жарияланған іс шаралар жоспарының бар болуын бағалау кезінде балл тек қана төмендегілердің кемінде біреуінің бар болуы кезінде ғана қойылады: аймақты дамыту бағдарламалары, стратегиялық жоспарлар, операциондық жоспарлар. Жарияланған іс шаралар жоспарының тармақтарын орындау бойынша белгілердің бар болуы кезінде, егер жоспардың барлық тармақтары орындалмаса, орындалған тармақтар санын орындалу деңгейі орындалуға дайын тармақтар санына бөліп, жолымен анықталады 0,5.

Параграф 3. «Мемлекеттік қызметшілер санының мониторингі» көрсеткіші бойынша бағалау

63. Осы көрсеткіш бойынша ҚР МҚ ЖА қабылданған мемлекеттік қызметкерлер саны туралы есептердің саны бағаланады.

64. Бағалау орталық мемлекеттік органдарда жүргізіледі. Өйткені жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік қызметкерлер саны туралы есептілікті ҚР МҚ ЖА аймақтық бөлімшесіне жібереді, жергілікті атқарушы органдарды бағалау жүргізілмейді, сәйкес баллдар МО анықтамаларын актуальдауына беріледі.

65. Осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі ҚР МҚІА мемлекеттік қызметкерлер саны бойынша алған есептілікпен қарастырылады.

«Мемлекеттік қызметкерлер санын бақылау» бойынша бағалау 2 балл құрайды, есептілікті жіберу мен тоқсандық мемлекеттік қызметкерлер санының есептілігін ҚР МҚІА қабылдауы туралы статустың бар болуы, ҚР МҚІА есептілік нысанының бекітілген санына сәйкес. Егер қабылдау туралы белгілер жоқ болса 1 балл алынып тасталады.

Параграф 4. «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік органдардың атына ескерту» көрсеткіші бойынша бағалау

66. «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік органдардың атына ескерту» сервисіне мемлекеттік органдардың пайдалану шылар саны.

67. Бағалау орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда жүргізіледі.

68. Осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі деректерді МОАП-да пайдаланушылардың «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік органдардың атына ескерту» сервисіне өтінімдер санын және МОИП-да «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінің мемлекеттік

органдардың атына бақылау тапсырыстарын орындау бойынша ескертулер» сервисіне қолжетімділік құқықтарына ие, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінің жалпы бөлімнің менгерушісімен бекітілетін орталық және жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тізімін қарау жолымен алады.

69. Осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органдар үшін баға кейіннен МОИП-тің «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік органдардың атына ескерту» сервисіне қолжетімділік құқықтарына ие орталық және жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тізімі бойынша қызметкерлер санына бөлумен, есептік кезең ішінде сервиске өтінімдер санын есептік кезең ішінде жұмыс күндер санына бөлу жолымен анықталады. Егер алынған нәтиже бір қызметкердің бір күнде сервиске өтінімдердің минималды қажетті өтінімдер санына тең немесе одан асатын болса, онда өтінімдер саны 1-ге тең деп алынады. Алынған нәтиже 2 көбейтіледі.

Параграф 5. «Мемлекеттік органдардың анықтамалығын өзектілеу» көрсеткіші бойынша бағалау

70. Осы көрсеткіш бойынша бағалауға Мемлекеттік органдардың қызметкерлері туралы анықтамалығында жарияланған мемлекеттік органдардың ақпаратының толықтығы мен өзектілігі жатады.

71. Бағалау орталық және жергілікті мемлекеттік органдарында жүргізіледі.

72. Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында деректерді МОИП-да «Мемлекеттік органдардың анықтамалығы» сервисінде мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлері бойынша ақпаратты қарау жолымен алады. Деректердің дәйектілігін қайта тексеру таңдалып жүргізіледі (кем дегенде 10 қызметкерлердің деректері).

73. Анықтамалықта мемлекеттік органдардың штаттық қызметкерлерінің кем дегенде 90% жөнінде толық және өзекті ақпарат болса орталық мемлекеттік органдар үшін баға 2 баллды құрайды. Анықтамалықта мемлекеттік органдардың 90% төмен штаттық қызметкерлері жөнінде ақпарат болса баға 1 баллды құрайды, мемлекеттік органдардың 50% және одан төмен қызметкерлері жөнінде ақпарат болған жағдайда баға 0 баллды құрайды.

74. Анықтамалықта мемлекеттік органдардың штаттық қызметкерлерінің кем дегенде 90% жөнінде толық және өзекті ақпарат болса жергілікті мемлекеттік органдар үшін баға 4 баллды құрайды. Анықтамалықта мемлекеттік органдардың

90% төмен штаттық қызметкерлері жөнінде ақпарат болса баға 2 баллды құрайды, мемлекеттік органдардың 50% және одан төмен қызметкерлері жөнінде ақпарат болған жағдайда баға 0 баллды құрайды.

5.3. «Электрондық құжаттар мұрағатын қолдану» ішкі критериясы бойынша бағалау

75. Осы ішкі критерия бойынша бағалаумен электрондық құжаттардың ведомстволық мұрағатының жүйесінің бар болуы түсіндіріледі.

76. Көрсеткішті бағалау үшін ақпарат көзі Әдістеменің 1 қосымшасына сәйкес Министрлікке, және Министрлікпен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің Кеңсесіне берілетін есептілік нысанының 3.2 жолындағы 3 бағанында көрсетілген ақпарат болып табылады.

77. Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін осы кіші критериясы бойынша бағалау барысында қарау жолымен мемлекеттік органның ақпарат есептілігінде көрсетілгенде тексереді:

- 1) істердің электрондық тізбегі, тұрақты сақталудағы құжаттар;
- 2) істердің электрондық тізбегі, жеке құрам бойынша құжаттар;
- 3) істердің электрондық тізбегі, уақытша сақталудағы құжаттар;
- 4) құжаттарды жоюға бөлу туралы электрондық акті сақтауға жатпайды.

78. Осы ішкі критерия бойынша барынша балл 2 баллды құрайды. Осы ішкі критерия бойынша бағалау 0,5 балл салмақтық мәнмен істердің электрондық тізбегі, тұрақты сақталудағы құжаттардан, 0,5 балл салмақтық мәнмен істердің электрондық тізбегі, жеке құрам бойынша құжаттардан, 0,5 балл салмақтық мәнмен істердің электрондық тізбегі, уақытша сақталудағы құжаттардан, 0,5 балл салмақтық мәнмен құжаттарды жоюға бөлу туралы электрондық актіден тұрады.

5.4. «Е-лицензиялау» Мемлекеттік деректер қоры» Ақпараттық жүйесін және «Электрондық мемлекеттік сатып алу» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін толтыру» ішкі критериясы бойынша бағалау

79. Осы ішкі критерия бойынша бағалауға:

- мемлекеттік органның «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры» ақпараттық жүйесін толтыру үлесі;

- мемлекеттік органның «Электрондық мемлекеттік сатып алулар» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін толтыру үлесі жатады.

80. Көрсеткішті бағалау үшін ақпарат көзі Әдістеменің 1 қосымшасына

сәйкес Министрлікке, және Министрлікпен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің Кеңесіне берілетін есептілік нысанының 3.3 жолындағы 3 бағанында көрсетілген ақпарат болып табылады.

81. Мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі мемлекеттік органның есептілікте көрсетілген ақпаратты мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерді толтыру бойынша статистикасын қарau жолымен тексереді.

82. Осы көрсеткіш бойынша барынша балл 4 баллды құрайды. Осы көрсеткіш бойынша бағалау мемлекеттік органның «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры» ақпараттық жүйесін толтырудың үлесін 2 балл салмақтық мәнмен және мемлекеттік органның «Электрондық мемлекеттік сатып алулар» ақпараттық жүйесін толтыру үлесін 2 балл салмақтық мәнмен қосу жолымен жүргізіледі. Лицензияар болып табылмайтын мемлекеттік органдарда «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры» ақпараттық жүйені толтыру бойынша бағалау жүргізілмейді, және бұл үлестің салмақтық мәні мемлекеттік органның «Электрондық мемлекеттік сатып алулар» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін толтырудың үлесінің салмақтық мәніне қосылады.

«Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры» ақпараттық жүйесін пайдаланудың үлесі кейіннен алынған нәтижені 2 көбейтумен, есептік кезең ішінде Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры» ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған лицензиялар санын есептік кезеңде берілген лицензиялардың жалпы санына бөлу жолымен анықталады. Егер ақпараттық жүйе есептік кезеңінде басынан ендірілмеген болса, онда есептеу кезінде ендіру мезетінен есептік кезеңінде аяқталуына дейінгі берілген лицензиялар саны мен Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры» ақпараттық жүйесінде қалыптастырылған лицензиялар саны ескеріледі. «Е-лицензиялау» мемлекеттік деректер қоры» ақпараттық жүйесін 2012 жылда ендірлуге жоспарланған мемлекеттік органдардың бағасы 0,5 баллды құрайды.

«Электрондық мемлекеттік сатып алулар» автоматтандырылған ақпараттық жүйені толтырудың үлесі кейіннен алынған нәтижені 2 көбейтумен, есептік кезең ішінде электрондық мемлекеттік сатып алулар шеңберінде пайдаланған қаржы көлемін, есептік кезеңінде мемлекеттік сатып алулар шеңберінде пайдаланылған қаржының жалпы көлеміне бөлу жолымен анықталады.

6. «Мемлекеттік орган функцияларын автоматтандыру» критериясы бойынша бағалау

83. Бағалау келесі көрсеткіштер бойынша жүргізіледі:

- 1) Мемлекеттік орган автоматтандырылған функцияларының (урдістерінің)
үлесі ;
- 2) Есепті мерзімде мемлекеттік орган автоматтандырылған функцияларының
(урдістерінің) үлесі ;
- 3) Мемлекеттік орган автоматтандырылған функцияларының (урдістерінің)
ішінара-толықтай үлесі.

Параграф 1. «Мемлекеттік органның автоматтандырылған функцияларының үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау

84. Осы көрсеткіш бойынша бағалауға мемлекеттік органның ақпараттық жүйелер арқылы автоматтандырылған функциялар санының мемлекеттік органның автоматтандырылуға жататын функциялардың жалпы санына қатынасы жатады. Автоматтандырылуға жататын функциялардың (урдістер) тізбесі Министрлікпен анықталады және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің келісімі бойынша мемлекеттік органдармен бекітіледі.

85. Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органдармен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында мемлекеттік органның функцияларының автоматтандырылу дерегін ведомстволық ақпараттық жүйелерді зерттеу жолымен

тексереді.

86. Бағалау мәні мемлекеттік органның автоматтандырылған функциялар санын мемлекеттік органның автоматтандырылуға жататын функцияларының жалпы санына бөліп, алынған нәтижені кейіннен 25 көбейту жолымен анықталауды.

Мысалы, мемлекеттік органның автоматтандырылуға жататын функцияларының жалпы саны 50 құрайды, мемлекеттік органның ақпараттық жүйелер арқылы автоматтандырылған функциялар саны 20 құрайды. Есептесі келесі түрде жүргізіледі: $20/50 * 25 = 10$ балл. Осылай «Мемлекеттік органның автоматтандырылған функцияларының үлесі» көрсеткіші бойынша баға 10 баллды құрады.

Параграф 2. «Есептік мерзімде мемлекеттік органның автоматтандырылған функцияларының (урдістерінің) үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау

87. Осы көрсеткіш бойынша бағалауға есептілік кезеңінде мемлекеттік органның ақпараттық жүйелер арқылы автоматтандырылған функциялар

санының мемлекеттік органның автоматтандырылған функциялардың жалпы санына қатынасы жатады.

88. Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында есептілік кезеңде мемлекеттік органның функцияларының автоматтандырылу фактісін растайтын, мемлекеттік орган үсінған құжаттарды тексереді.

89. Бағалау мәні мемлекеттік органның есептік кезеңде автоматтандырылған функциялар санын мемлекеттік органның автоматтандырылған функцияларының жалпы санына бөліп, алынған нәтижені кейіннен 10 көбейту жолымен анықталады.

Мысалы, мемлекеттік органның автоматтандырылған функцияларының жалпы саны 20 құрайды, оның ішінде мемлекеттік органның есептік кезең ішінде автоматтандырылған функциялар саны 5 құрайды. Есептесі келесі түрде жүргізіледі: $5/20*10=2,5$ балл. Осылай «есептік кезең ішінде мемлекеттік органның автоматтандырылған функцияларының үлесі» көрсеткіші бойынша баға 2,5 баллды құрады.

Параграф 3. «Мемлекеттік органның ішінара/толық автоматтандырылған функциялар үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау

90. Осы көрсеткіш бойынша бағалауға мемлекеттік органның функцияларының автоматтандырылу дәрежесі, оның ішінде бөліктеп автоматтандырылған функциялар үлесі мен мемлекеттік органның толық автоматтандырылған функциялары жатады.

91. Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында мемлекеттік органның функцияларының автоматтандырылу дәрежесін ведомствоның ақпараттық жүйelerді зерттеу жолымен тексереді.

92. Бағалау нәтижесі мемлекеттік органның жартылай автоматтандырылған функциялары (үрдістер) үлесінің мәнін және мемлекеттік органның толық автоматтандырылған функциялары (үрдістер) үлесінің мәнін қосып, алынған нәтижені кейіннен 5 көбейту жолымен анықталады. Жартылай автоматтандырылған функциялар үлесі жартылай автоматтандырылған функциялар (үрдістер) санының мемлекеттік органның автоматтандырылуға тиісті функциялар (үрдістер) санына қатынасын кейіннен 0,5 коэффициентке көбейтуіне тең. Толық автоматтандырылған функциялар (үрдістер) үлесі толық автоматтандырылған функциялары (үрдістер) санының мемлекеттік органның

автоматтандырылуға тиісті функциялары (үрдістер) санының қатынасын кейіннен 1 коэффициентке көбейтуіне тең.

Мысалы, мемлекеттік органның автоматтандырылған функциялардың жалпы саны 15 құрайды, мемлекеттік органның толық автоматтандырылған функциялар саны 5 құрайды, мемлекеттік органның жартылай автоматтандырылған функциялар саны 10 құрайды. Есептесі келесі түрде жүргізіледі: $((5*1+10*0,5)/15)*5=3,33$ балл. Осылай «мемлекеттік органның бөліктеп/толық автоматтандырылған функциялар үлесі» көрсеткіші бойынша баға 3,33 баллды құрады.

7. «Ақпараттық жүйелердің енгізілу сапасы» критериясы бойынша бағалау

93. Осы көрсеткіш бойынша бағалау ақпараттық жүйелерді құру сатыларының ақпараттық технологиялар облысындағы стандарттарға сәйкес келмеушілікті сипаттайтын төменде аталған көрсеткіштерді анықтау мақсатында жүзеге асырылады:

- 1) Есептік кезең ішінде бизнес-үрдістерді оңтайландыру бойынша талдамалық деректерсіз әзірленетін және өндірістік пен тәжірибелік пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйелер үлесі;
- 2) Есептік кезең ішінде мемлекеттік органның өндірістік және тәжірибелік пайдалануға уақытында енгізілмеген ақпараттық жүйелердің үлесі;
- 3) Есептік кезең ішінде тәжірибелік және өндірістік пайдалануға бекітілген нормативтік техникалық құжаттамасыз енгізілген ақпараттық жүйелер үлесі;
- 4) Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес ақпараттандыру саласында Министрлікпен келісілмеген нормативтік техникалық құжаттамасыз, есептілік кезең ішінде әзірленетін, тәжірибелік және өндірістік пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйелер үлесі;
- 5) Заңға және «Қазақстан Республикасы аумағында қабылданған және ақпараттық қауіпсіздікті талаптарына сәйкес мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интегралдалатын мемлекеттік ақпараттық жүйелер және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелердің іскерлік сараптауының өткізулері ережелерінің бекітілуі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30-шы желтоқсандағы № 2280 Қаулысына сәйкес өндірістік пайдалануда орналасқан және ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестік атtestаттары жоқ ақпараттық жүйелер үлесі;
- 6) Заңға және «Электрондық ақпараттық қорлар және ақпараттық жүйелердің мемлекеттік регистрі және депозитарийдың жүргізуі ережелерінің бекітуі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 21-ші қарашадағы № 1124

Қаулысына сәйкес мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар және ақпараттық жүйелер тіркелімінде және Ақпараттық жүйелер, бағдарламалық өнімдер, бағдарламалық кодтар және нормативтік техникалық құжаттамалар депозитарийінде тіркелмеген немесе депозитке салынбаған ақпараттық жүйелер

Ұ л е с і ;

7) Заңға сәйкес мемлекеттік тілде интерфейсі жоқ өндірістік пайдалануда орналасқан ақпараттық жүйелер үлесі;

8) Электрондық үкіметтің құрамдас бөліктерімен ықпалдастырылмаған ақпараттық жүйелер үлесі.

Ақпараттық жүйелерді құру сатыларының ақпараттық технологиялар облысында стандарттарға сәйкес келмеушілікті сипаттайтын көрсеткіштерді айқындаған жағдайда, Әдістемеге 4 қосымшаның кестесіне сәйкес баллдарды төмендету жүргізіледі. Әдістемеге 4 қосымшасының кестесіне сәйкес баллдарды азайту сомасында 15 баллды құрайды және 100 баллға тең максималды балл санынан асырылады.

Параграф 1. «Есептік кезең ішінде бизнес-үрдістерді оңтайландыру бойынша талдаулық деректерсіз жасалған және өндірістік пен тәжірибелік пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйелер үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау

94. Осы көрсеткіш бойынша бағалауға есептік кезең ішінде өндірістік немесе тәжірибелік пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйелердің жалпы санында есептік кезең ішінде бизнес-үрдістерді оңтайландыру бойынша талдамалық деректерсіз өндірістік немесе тәжірибелік пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйелер үлесі жагады.

95. Көрсеткішті бағалау үшін ақпараттың көзі Әдістемедегі 1 қосымшага сәйкес Министрлікпен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне және Министрлікке берілетін есептілік нысанының 4.1 жолындағы 3 бағанда көрсетілген ақпарат болып табылады.

96. Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында есептілікте көрсетілген мемлекеттік органның ақпаратын бизнес-үрдістерді оңтайландыру бойынша талдамалық деректерді талдау жолымен тексереді.

97. Бағалау нәтижесі мемлекеттік органның есептік кезең ішінде бизнес-үрдістерді оңтайландыру бойынша талдамалық деректерсіз әзірленген ақпараттық жүйелер санын есептік кезең ішінде өндірістік немесе тәжірибелік пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйелердің жалпы санына бөліп, кейіннен

алынған нәтижені (-2) көбейту жолымен анықталады.

Мысалы, есептік кезең ішінде өндірістік немесе тәжірибелік пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйелердің жалпы саны 2 құрайды; есептік кезеңінде бизнес-үрдістерді оңтайландыру бойынша талдамалық деректерсіз өзірленген және өндірістік немесе тәжірибелік пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйелер саны 1 құрайды. Есептесі келесі түрде жүргізіледі: $1/2*(-2) = -1$ балл. Осылай, осы көрсеткіш бойынша баға -1 баллды құрады.

Параграф 2. «Есептік мерзім ішінде мемлекеттік органның өнеркәсіптік және тәжірибелік пайдалануға уақытында енгізілмеген ақпараттық жүйелердің үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау

98. Осы көрсеткіш бойынша бағалауға есептік кезең ішінде өндірістік немесе тәжірибелік пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйелердің жалпы санында есептік кезең ішінде өндірістік немесе тәжірибелік пайдалануға енгізу бойынша акт күні техникалық экономикалық негіздемелерде, техникалық тапсырмаларда немесе техникалық маманданымда (бұдан әрі – нормативтік техникалық құжаттама) көрсетілген күнге сәйкес келмейтін ақпараттық жүйелер үлесі ж а т а д ы .

99. Көрсеткішті бағалау үшін ақпараттың көзі Әдістемедегі 1 қосымшаға сәйкес Министрлікпен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне және Министрлікке берілетін есептілік нысанының 4.2 жолындағы З бағанда көрсетілген ақпарат болып табылады.

100. Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында есептілікте көрсетілген мемлекеттік органның ақпаратын нормативтік техникалық құжаттаманы және ақпараттық жүйелерді өндірістік немесе тәжірибелік пайдалануға енгізу бойынша актілерді талдау жолымен тексереді.

101. Баға мемлекеттік органның есептік кезең ішінде өндірістік және тәжірибелік пайдалануға уақытында енгізілмеген ақпараттық жүйелер санын есептік кезең ішінде өндірістік немесе тәжірибелік пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйелердің жалпы санына бөліп, кейіннен алынған нәтижені (-2) көбейту жолымен анықталады.

Мысалы, есептік кезең ішінде өндірістік немесе тәжірибелік пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйелердің жалпы саны 2 құрайды, есептік кезеңінде өндірістік немесе тәжірибелік пайдалануға енгізу бойынша акт күні нормативтік техникалық құжаттамада көрсетілген күнге сәйкес келмейтін ақпараттық жүйелер саны 1 құрайды. Есептесі келесі түрде жүргізіледі: $1/2*(-2) = -1$ балл.

Осылай «Мемлекеттік органның есептік кезең ішінде өндірістік және тәжірибелік пайдалануға уақытында енгізілмеген ақпараттық жүйелер үлесі» көрсеткіші бойынша баға -1 баллды құрады.

Параграф 3. «Есептік мерзім ішінде тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға бекітілген нормативтік техникалық құжаттамасыз енгізілген ақпараттық жүйелер үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау

102. Осы көрсеткіш бойынша бағалауға есептік кезең ішінде өндірістік немесе тәжірибелік пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйелердің жалпы санында есептік кезең ішінде өндірістік немесе тәжірибелік пайдалануға енгізілген және бекітілген нормативтік техникалық құжаттамасы жоқ ақпараттық жүйелер үлесі жагады.

103. Көрсеткішті бағалау үшін ақпараттың көзі Әдістемедегі 1 қосымшаға сәйкес Министрлікпен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне және Министрлікке берілетін есептілік нысанының 4.3 жолындағы З бағандада көрсетілген ақпарат болып табылады.

104. Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында есептілікте көрсетілген мемлекеттік органның ақпаратын нормативтік техникалық құжаттаманы талдау жолымен тексереді.

105. Баға кейіннен алынған нәтижені (-2) көбейтумен, есептік кезең ішінде өндірістік және тәжірибелік пайдалануға бекітілген нормативтік техникалық құжаттамасыз енгізілген ақпараттық жүйелер санын есептік кезең ішінде өндірістік немесе тәжірибелік пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйелердің жалпы санына бөлу жолымен анықталады.

Мысалы, есептік кезең ішінде өндірістік немесе тәжірибелік пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйелердің жалпы саны 2 құрайды, есептік кезең ішінде өндірістік және тәжірибелік пайдалануға бекітілген нормативтік техникалық құжаттамасыз енгізілген ақпараттық жүйелер саны 1 құрайды. Есептесі келесі түрде жүргізіледі: $1/2*(-2) = -1$ балл. Осылай «Есептік кезең ішінде тәжірибелік және өндірістік пайдалануға бекітілген нормативтік техникалық құжаттамасыз енгізілген ақпараттық жүйелер үлесі» көрсеткіші бойынша баға -1 баллды құрады.

Параграф 4. «Нормативтік-техникалық құжаттаманы ақпараттандыру аясында Министрлікпен келіспей ақпараттық жүйенің есептік

периодында тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға енгізген, өзірленген үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау

106. Берілген көрсеткіш бойынша бағалауға есептік кезеңде тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға құрылған, енгізілген, ақпараттық жүйенің жалпы санының нормативтік-техникалық құжаттамасының сараптамасының нәтижелері бойынша ақпараттандыру аясында Министрліктен теріс эксперttік қорытынды алған, есептік кезеңде тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға құрылған, енгізілген ақпараттық жүйенің бөлігі жатады.

107. Көрсеткішті бағалау үшін ақпараттың көзі Әдістемедегі 1 қосымшаға сәйкес Министрлікпен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне және Министрлікке берілетін есептілік нысанының 4.4 жолындағы З бағанда көрсетілген ақпарат болып табылады.

108. Осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі нормативтік-техникалық құжаттандырудың сараптамасының нәтижелері бойынша эксперttік қорытындыларды қарастыру жолымен есептілікте көрсетілген мемлекеттік органын ақпаратын тексереді.

109. Осы көрсеткіш бойынша жүйе нормативтік-техникалық құжаттаманы ақпараттандыру аясында уәкілетті органмен келіспей ақпараттық жүйенің есептік периодында тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға енгізген, өндөлген санын есептік периодында тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген, құрылған ақпараттық санына бөліп, алынған нәтиженің (-2) көбейту жолымен анықталады.

Мысалы, нормативтік-техникалық құжаттаудың сараптамалық нәтижелері бойынша ақпараттандыру аясында Министрліктің теріс қорытындысын алған, есептік кезеңнің тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға құрылған, енгізілген ақпараттық жүйенің жалпы саны 1 құрайды, есептік кезеңнің тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға құрылған, енгізілген ақпараттық жүйелердің жалпы саны 3 құрайды. Есептесі келесі түрде жүргізіледі: $1/3*(-2) = -0,67$ балл. Осылай бағалау бойынша көрсеткіш -0,67 баллды құрады.

Параграф 5. «Өнеркәсіптік пайдалануға жататын және ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес аттестаты жоқ ақпараттық жүйе үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау

110. Берілген көрсеткіш бойынша бағалауға 2010 жылдан өнеркәсіптік пайдалануда жатқан мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінің бөлігі мен

ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін аттестаттары жоқ, 2010 жылдан өнеркәсіптік пайдалануда жатқан ақпараттық жүйенің жалпы саны жа та ды .

111. Көрсеткішті бағалау үшін ақпараттық көзі Әдістемедегі 1 қосымшаға сәйкес Министрлікпен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне және Министрлікке берілетін есептілік нысанының 4.5 жолындағы З бағанда көрсетілген ақпарат болып табылады.

112. Осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі өнеркәсіптік пайдалану мен ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін аттестатының ақпараттық жүйенің енгізу актісін талдау жолымен есептіліктеге көрсетілген мемлекеттік органның ақпаратын тексеру .

113. Осы көрсеткіш бойынша өнеркәсіптік пайдалану мен ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін аттестатының болмауы санын 2010 жылдан өнеркәсіптік пайдалануда жатқан ақпараттық жүйенің жалпы санына бөліп, алынған нәтижені кейіннен (-2) көбейту жолымен анықталады.

Мысалы, 2010 жылдан өнеркәсіптік пайдалануда жатқан ақпараттық жүйенің жалпы саны, 4 құрайды, 2010 жылдан өнеркәсіптік пайдалануда жатқан және ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келетін аттестаты жоқ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің саны 1 құрайды. Есептесі келесі түрде жүргізіледі: $1/4*(-2) = -0,5$ балл. Осылай «Өнеркәсіптік пайдалануға жататын және ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес аттестаты жоқ ақпараттық жүйе бөлігі» бағалау бойынша көрсеткіш -0,5 балл құрады.

Параграф 6. «Тіркелмеген немесе электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйенің Мемлекеттік тіркелімінде депозитке салынбаған және ақпараттық жүйенің, бағдарламалық өнімнің, бағдарламалық кодтар мен нормативтік-техникалық құжаттамалардың Депозитарияларында ақпараттық жүйесінің үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау

114. Тіркелмеген немесе электронды ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйенің Мемлекеттік регистрінде депонирленбеген және ақпараттық жүйенің, бағдарламалық азық-түліктің, бағдарламалық кодтар мен нормативтік-техникалық құжаттамалардың ақпараттық жүйесінің бөлігі, өнеркәсіптік және тәжірибелік пайдалануға жататын ақпараттық жүйенің жалпы саны жа та ды .

115. Осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық

технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі ақпараттық ресурстар мен жүйелердің, бағдарламалық азық-түліктер, бағдарламалық кодтар мен нормативтік-техникалық құжаттамалардың электронды ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйенің Мемлекеттік регистрінде және бағдарламалық кодтар мен мәліметтер базасының нормативтік-техникалық құжаттамалардың Депозитарияларының болуын тексереді.

116. Осы көрсеткіш бойынша тіркелмеген немесе электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйенің Мемлекеттік регистрінде депонирленбegen және ақпараттық жүйенің, бағдарламалық азық-түліктің, бағдарламалық кодтар мен нормативтік-техникалық құжаттамалардың Депозитарияларының ақпараттық жүйесінің санын өнеркәсіптік және тәжірибелік пайдалануда жатқан ақпараттық жүйенің жалпы санына бөліп, алғынан нәтижені кейіннен (-1) көбейту жолымен анықталады.

Мысалы, өнеркәсіптік және тәжірибелік пайдалануда жатқан ақпараттық жүйенің жалпы саны 5 құрайды, тіркелмеген немесе электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйенің Мемлекеттік регистрінде депонирленбegen және ақпараттық жүйенің, бағдарламалық азық-түліктің, бағдарламалық кодтар мен нормативтік-техникалық құжаттамалардың Депозитарияларының ақпараттық жүйесінің саны 3 құрайды. Есептесі келесі түрде жүргізіледі: $3/5*(-1) = -0,6$ балл. Осылай, осы көрсеткішті бағалау бойынша көрсеткіш -0,6 баллды құрады.

Параграф 7. «Мемлекеттік тілде интерфейссіз өнеркәсіптік пайдалануда жатқан ақпараттық жүйе үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау

117. Осы берілген көрсеткіш бойынша бағалауға Мемлекеттік тілде интерфейссіз өнеркәсіптік пайдалануда жатқан ақпараттық жүйе үлесі, өнеркәсіптік пайдалануда жатқан мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінің жалпы саны жатады.

118. Көрсеткішті бағалау үшін ақпараттың көзі Әдістемедегі 1 қосымшаға сәйкес Министрлікпен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне және Министрлікке берілетін есептілік нысанының 4.6 жолындағы З бағанда көрсетілген ақпарат болып табылады.

119. Осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі мемлекеттік тілде интерфейсінің болуына ақпараттық жүйесін талдау жолымен мемлекеттік органның есептілікте көрсеткен ақпаратын тексереді.

120. Осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік тілде интерфейсі жоқ өнеркәсіптік пайдалануда жатқан ақпараттық жүйе санын өнеркәсіптік пайдалануда жатқан ақпараттық жүйенің жалпы санына бөлу, алынған нәтижені кейіннен (-2) көбейту ж о л ы м е н

а н ы қ т а л а д ы .

Мысалы, өнеркәсіптік пайдалануда жатқан ақпараттық жүйенің жалпы саны 5 құрайды, мемлекеттік тілде интерфейссіз өнеркәсіптік пайдалануда жатқан ақпараттық жүйе саны 3 құрайды. Есептесі келесі түрде жүргізіледі: $3/5*(-2)=-1,2$ балл. Осылай, «Мемлекеттік тілде интерфейссіз өнеркәсіптік пайдалануда жатқан ақпараттық жүйе үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау -1,2 баллды құрады.

Параграф 8. ««Электрондық үкімет» құрауыштарымен ықпалдастырылмаған ақпараттық жүйе үлесі» көрсеткіші бойынша бағалау

121. Осы берілген көрсеткіш бойынша бағалауға ықпалдастыруға жататын, ведомствалық ақпараттық жүйенің жалпы санының «электронды үкімет» компоненттерімен ықпалдастырылмаған ақпараттық жүйесінің үлесі жатады.

122. Көрсеткішті бағалау үшін ақпараттың көзі Әдістемедегі 1 қосымшаға сәйкес Министрлікпен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне және Министрлікке берілетін есептілік нысанының 4.7 жолындағы 3 бағандада көрсетілген ақпарат болып табылады.

123. Осы көрсеткіш бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі «электронды үкіметтің» компоненттерімен ықпалдастырылуын растайтын, электронды үкіметтің компоненттерімен ықпалдастырылу қажеттілігі пәнін және құжаттарын ведомствалық ақпараттық жүйені талдау жолымен есептілікте көрсетілген ақпаратты

тексереді.

124. Осы көрсеткіш бойынша «электронды үкіметтің» компоненттерімен ықпалдастырылмаған ақпараттық жүйенің санын ықпалдастыруға жататын ведомствалық ақпараттық жүйенің жалпы санына бөліп, алынған нәтижені кейіннен (-2) көбейту жолымен анықталады.

Тексеріс кезінде «электронды үкімет» компоненттерімен ақпараттық жүйені ықпалдастыруды қажет етпеуі немесе ықпалдастыру қызметіне «электрондық үкімет» компонентіне иеленуші – мемлекеттік органның дәлелсіз бастартуы есепке алынады.

«Электрондық үкімет» компоненттерімен ақпараттық жүйені ықпалдастыруды қажетсіңбей кезінде, берілген көрсеткіш бойынша балл

қойылмайды. «Электрондық үкімет» компонентіне иеленуші – мемлекеттік органның «электронды үкімет» компонентімен ықпалдастыру қызметтерін қажет ету туралы сұранымды растайтын және «электронды үкімет» компонентіне иеленуші – мемлекеттік органның дәлелсіз бастартуын растайтын құжаттың бар болуы кезінде «электронды үкімет» компонентіне иеленуші – мемлекеттік органның баллы берілген көрсеткіш бойынша 20% төмендейді.

8. «Қызмет ететін ведомствоның ақпараттық жүйенің нәтижелілігі» критериясы бойынша бағалау

125. Осы критерий бойынша бағалау кезінде Әдістемедегі 5 қосымшадағы кестеде көрсетілген ақпараттық жүйенің мемлекеттік органдарымен құрастырылған жұмыс істеу сұрақтары қарастырылады.

126. Осы критерий бойынша мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау барысында Министрлік және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша Министрлікпен анықталған критериялар бойынша ақпараттық жүйенің функционалдылығын тексереді.

127. Осы критерий бойынша бағалау Әдістемедегі 5 Қосымшадағы кестеде көрсетілген ақпараттық жүйені қолданудың тиімсіздігі байқалған кезде баллдарды төмендету жолымен анықталады. Баллдарды азайту сомада 10 балл құрайды және 100 баллға тең максималды балл санына асырылады.

9. Ақпараттық технологияларды пайдалануды бағалау бойынша мемлекеттік органмен есептілікті толтыру нысаны

128. Әдістемедегі 1 Қосымшаға сәйкес мемлекеттік органмен ұсынылатын есептілік, келесі әдіс бойынша толтырылады:

1) «Мемлекеттік органда ақпараттық технологияларды қолдану бойынша жоспарланған іс–шаралар сапасы» критериясы бойынша 1 жолындағы 3 бағанда мемлекеттік органда ақпараттық технологияны тиімді пайдалануға бағытталған, министрмен, жауапты хатшымен, вице-министрмен, әкіммен, аппарат басшысымен және іс–шаралар аппаратының басшысының орынбасарымен бекітілген стратегиялық, және операциондық жоспарда, шекараны дамыту бағдарламалары мен басқа жоспарларда жоспарланған іс–шаралар саны мен атаулары

көрсетіледі.

2) «Ақпараттық технологияларды енгізу бойынша мемлекеттік органдардың қызметін институционалды нығайту дәрежесі» критериясы бойынша:

2.1, 2.2, 2.3 жолдарындағы 3 бағанада осы Әдістеменің 19-тармағына сәйкес ақпарат

көрсетіледі;

3) «электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану» кіші критериясы бойынша :

3.1.1 жолындағы З бағанада электрондық түрде ғана ведомствоаралық электрондық құжат айналымының үлесі көрсетіледі;

3.1.2 жолындағы З бағанада электрондық түрде ғана ішкі электрондық құжат айналымының үлесі көрсетіледі;

3.1.3 жолындағы З бағанада уақытылы тіркелген электрондық құжаттардың үлесі көрсетіледі;

3.1.4 жолындағы З бағанада «Электрондық үкімет» порталынан түскен жеке және заңды тұлғалардың тіркелген электрондық өтініштерінің үлесі көрсетіледі;

3.1.5 жолындағы З бағанада Келісілген ведомствоаралық электрондық құжат айналымының үлесі көрсетіледі;

3.1.6 жолындағы З бағанада мұрағатқа электрондық құжаттарды шығынға жазудың үлесі көрсетіледі.

4) «Электрондық құжаттар мұрағаттарын қолдану» кіші критериясы бойынша :

3.2 жолындағы З бағанада тұрақты сақталудағы құжаттардан істердің электрондық тізбегі, жеке құрам бойынша құжаттардан істердің электрондық тізбегі, уақытша сақталудағы құжаттардан істердің электрондық тізбегі, құжаттарды жоюға бөлу туралы электрондық актілер туралы ақпарат беріледі.

5) «Е-лицензиялау» мемлекеттік мәліметтер базасы ақпараттық жүйесін және «Электрондық мемлекеттік сатып алушар» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін пайдалану» кіші критериясы бойынша:

3.3.1 жолындағы З бағанада есептік мерзім ішінде берілген лицензиялар саны көрсетіледі. Егер «е-лицензиялау» мемлекеттік мәліметтер базасы ақпараттық жүйесі есептік мерзім басталғаннан кейін енгізілген болса, онда енгізілген кезеңінен бастап есептік мерзімнің аяқталғанына дейінгі уақыт аралығында берілген лицензиялар саны көрсетіледі.

3.3.2 жолындағы З бағанада есептік мерзімде электрондық мемлекеттік сатып алушар шенберінде қолданылатын қаражаттар көлемі және есептік кезеңде мемлекеттік сатып алушар шенберінде қолданылатын жалпы қаражаттар көлемі көрсетіледі.

6) «Ақпараттық жүйелерді енгізу сапасы» критериясы бойынша:

4.1 жолындағы З бағанада бизнес – үрдістерді оңтайландыру бойынша аналитикалық мәліметтерсіз есептік кезеңде, өнеркәсіптік және тәжірибелік пайдалануға әзірленетін және енгізілген ақпараттық жүйе атаулары;

4.2 жолындағы З бағанада есептік кезеңде өнеркәсіптік және тәжірибелік пайдалануға мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінің уақытылы енгізілмеген атаулары ;

4.3 жолындағы 3 бағанада нормативтік–техникалық құжаттаманы бекітүсіз есептік кезеңде тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген ақпараттық жүйе

атаулары;

4.4 жолындағы 3 бағанада нормативтік–техникалық құжаттаманы ақпараттандыру аясында уәкілетті органмен келіспей ақпараттық жүйені есептік кезеңде тәжірибелік және өнеркәсіптік пайдалануға енгізген өндөлген атаулар;

4.5 жолындағы 3 бағанада Өнеркәсіптік пайдалануға жататын және ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес аттестаты жоқ ақпараттық жүйе

атаулары;

4.6 жолындағы 3 бағанада Тіркелмеген және электронды ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйенің Мемлекеттік регистрінде депонирленбеген немесе ақпараттық жүйенің, бағдарламалық азық-түліктің, бағдарламалық кодтар мен нормативтік-техникалық құжаттамалардың Депозитарияларында ақпараттық жүйе

атаулары;

4.7 жолындағы 3 бағанада Мемлекеттік тілде интерфейссіз өнеркәсіптік пайдалануда жатқан ақпараттық жүйе атаулары;

4.8 жолындағы 3 бағанада Электронды үкіметтің компоненттерімен ықпалдастырылмаған ақпараттық жүйе атаулары.

129. Әдістемедегі 2 Қосымшаға сәйкес мемлекеттік органмен ұсынылатын электрондық құжат айналым жүйесін пайдалану бойынша есептілік келесі

әдіспен

толтырылады:

1) 1 бағанада құжаттар саны көрсетіледі (мемлекеттік басқарудың әртүрлі салаларындағы ЭҚЖ қатысушыларының арасындағы 5 жылға дейін сақтау мерзімімен мемлекеттік органмен бекітілген құжаттар мен істердің номенклатуrasesы тізбесінің құрамына кіретін электрондық құжаттар алмасуы), электрондық құжат форматында электрондық құжат айналымы жүйесінің (ЭҚЖ) қатысушысында – мемлекеттік орган қызметіне бағытталады;

2) 2 бағанада жалпы құжаттар саны көрсетіледі мемлекеттік басқарудың әртүрлі салаларындағы ЭҚЖ қатысушыларының арасындағы 5 жылға дейін сақтау мерзімімен мемлекеттік органмен бекітілген құжаттар мен істердің номенклатуrasesы тізбесінің құрамына кіретін электрондық құжаттар алмасуы), электрондық құжат форматында электрондық құжат айналымы жүйесінің (ЭҚЖ) қатысушысында – мемлекеттік орган қызметіне бағытталады;

3) 3 бағанада атап айтқанда ішкі құжаттардың жалпы санына қатысты, оның ішінде нормативтік актілер мен ұйымдастыру-өкімдік құжаттамалардың (құпиялық сипаттағы және қызмет бабында пайдалану үшін құжаттамалардан басқа), мемлекеттік басқарудың әртүрлі салаларындағы ЭҚЖ қатысушыларының арасындағы 5 жылға дейін сақтау мерзімімен мемлекеттік органмен бекітілген құжаттар мен істердің номенклатуrasesы тізбесінің құрамына кіретін электрондық

құжаттар алмасуы), қағаз тасығыштарда көшірусіз мемлекеттік басқаруға қатысты ЭҚЖ қатысушы – мемлекеттік органдардың ішінде құрылымдық бөлімшелерге бағытталған;

4) 4 бағанада атап айтқанда ішкі құжаттардың жалпы санына қатысты, оның ішінде нормативтік актілер мен үйімдастыру-өкімдік құжаттамалардың (қупиялық сипаттағы және қызмет бабында пайдалану үшін құжаттамалардан басқа), мемлекеттік басқарудың әртүрлі салаларындағы ЭҚЖ қатысушыларының арасындағы 5 жылға дейін сақтау мерзімімен мемлекеттік органмен бекітілген құжаттар мен істердің номенклатурасы тізбесінің құрамына кіретін электрондық құжаттар алмасуы), қағаз тасығыштарда көшірусіз мемлекеттік басқаруға қатысты ЭҚЖ қатысушы – мемлекеттік органдардың ішінде құрылымдық бөлімшелерге бағытталған;

5) 5 бағанада СЭД (ЭҚЖ) қатысушысында – мемлекеттік органға келіп түскен сыртқы/ішкі кіріс құжаттардың жалпы саны көрсетіледі;

6) 6 бағанада уақытында тіркелген электрондық сыртқы/ішкі кіріс құжаттардың жалпы саны көрсетіледі;

7) 7 бағанада «электрондық үкіметтің» порталынан ЭҚЖ қатысушысына – мемлекеттік органға келіп түскен, тіркелген электрондық сүйенудің жалпы саны көрсетіледі;

8) 8 бағанада «электрондық үкіметтің» порталынан ЭҚЖ қатысушысына – мемлекеттік органға келіп түскен, тіркелген электрондық сүйенудің саны көрсетіледі;

9) 9 бағанада электронды түрде келісілген және сыртқы тілшілерге жолданған электронды құжаттардың қол қойылған жобаларының саны көрсетіледі;

10) 10 бағанада сыртқы тілшілерге жолданған электронды құжаттардың қол қойылған жобаларының саны көрсетіледі;

11) 11 бағанада электрондық құжаттардың ЭҚАБЖ/ЭҚЖ орындалған саны көрсетіледі;

12) 12 бағанада электрондық құжаттардың мұрағаттарды және құжаттамаларды басқарудың уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілермен анықталған жедел сақтау мерзімі аяқталуы бойынша құжаттарды мұрағатқа тапсыруға ЭҚАБЖ/ЭҚЖ дайындалған және орындалған құжаттар саны көрсетіледі.

10. Бағалау нәтижелерін қайта тексеру

130. Мемлекеттік органдардың Министрлікке бағалауды өткізу үшін ұсынатын ақпараттың дәйектілігін тікелей сол органдармен қамтамасыз етіледі.

Бағалау көрсеткіштері бойынша деректерді қайта тексеру үшін

Министрліктің қабылдайтын ұйымдастыру шараларының кешені өзгеден басқасынан ми на лар ды қамтиды:

1) Министрлікпен ұсынылған деректердің нақты деректерге сәйкестігін анықтау бойынша осы Әдістемеде қаралған іс шараларды жүргізу;

2) бағаланатын және өзге де мемлекеттік органдарға қосымша мәліметтерді ұсыну туралы осы Әдістемеде ескерілгенге сәйкес орнату жөніндегі сұрауларды бағыттау.

131. Министрлікпен мемлекеттік органдарда қайта тексеру шаралары өткізу 134-шы тармақта көрсетілген тәртіpte реттегі мемлекеттік органның шағымын қарастыруынан кейін үш апта ішінде іске асырылады.

132. Баға критерийінің нақты көрсеткіші бойынша мемлекеттік орган ұсынған мәліметтердің шын еместігі айқындалған кезде мемлекеттік органның жалпы бағасы жаңа деректермен сәйкес келтіріледі.

133. Қайта тексеру шаралары бағаланатын мемлекеттік органдардың растаушы құжаттармен шағымдар түсken кезде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінің тапсырмасы бойынша асырылады.

134. Бағалаудың объективтілігін және тазалығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органның бағалау нәтижелерін қайта тексеру үшін Министрлікте арнайы комиссия қалыптастырылады, оның құрамына мемлекеттік органды бағалауда қатысқан қызметкерлер кіре алмайды.

11. Мемлекеттік органдарды бағалау нәтижелері бойынша Сараптамалық комиссия ұсынымдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар пост-аудиті

135. Пост-аудит - мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдануды тиімділігін алдыңғы бағалау нәтижелері бойынша берілген тапсырмалар мен ұсынымдарды толық іске асырылуын анықтау бойынша кешен шаралар (бұдан әрі - Ұсынымдар).

136. Ұсынымың негізінде әрбір мемлекеттік органмен ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігін бағалау көрсеткіштерін жақсарту жөніндегі іс-шаралар Жоспары әзірленеді (бұдан әрі - Жоспар).

137. Жоспар жауапты орындаушылар және оларды іске асыру мерзімдерін көрсете отырып, анықталған проблемаларды жою жөніндегі мемлекеттік органның нақты әрекетін қамтиды.

